

Л.Ж. Мұсалы*¹ , А.М. Кенжеқожаева¹ , Ж.Е.Балтоғаева² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, Қазақстан, Атырау қ.

*e-mail: mj_laila@mail.ru

ПОЭТИКАЛЫҚ ДӘСТҮР ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІК

Мақалада қазақ әдебиетіндегі поэтикалық дәстүр және шығармашылық үндестік мәселесі Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев және Мұқағали Мақатаевтың өлеңдері негізінде талданады. Мағжан және Мұқағали поэзиясындағы Абай дәстүрінің көрінісін сипаттай отырып, ақындардың лирикалық өлеңдеріндегі өзіндік ерекшеліктері мен көркемдеу тәсілдеріне сипаттама берілген. Ақындардың туындыларындағы көркемдік құралдардың қолданылу сипаты, автор сезімінің сөзбен өрнектелуі жансыз құбылысқа жан бітіру, образдар қатары, психологиялық көңіл-күй суреттері нақты өлең шумақтары арқылы зерделеніп, мысалдармен дәйектелген (өрнектелген). Лирикалық өлеңдерге поэтикалық талдау жүргізу арқылы ақындардың шығармашылық шеберліктері мен өзіне тән көркемдік стильдері және шығармашылық үндестік анықталды. Абай, Мағжан мен Мұқағали туындыларындағы тармақтар мен жеке сөздердің поэтикалық мәні оның шынайылығы мен үйлесімділігінде екені ескеріле отырып, қазақ поэзиясында олардағы көркемдік құралдардың қолданылу ерекшелігі дәлелденді.

Мақалада Абай, Мағжан, Мұқағали туындыларында табиғатпен жанаса тіршілік ететін адам баласының таным-түйсігі, өмірді қабылдауы мен бағалауы, болмысты тануы, оның сипаты мен сезімдері шеберлікпен суреттелгені нақты мысалдар арқылы зерттелді. Қазақ ақындарының лирикасын салыстыра талдай отырып, олардың поэтикалық ерекшелігін, әбқайсысына тән шығармашылық шеберлігін, көркемдік қиялын талдау қазақ поэзиясындағы түрлі дәстүрлерді тануға, туындыларды түсінуге, көркемдік талдау үлгісін дамытуға үлес қосады.

Түйін сөздер: Абай, Мағжан, Мұқағали, поэзия, лирика, поэтика, шығармашылық шеберлік.

L.J. Musaly^{1*}, A.M. Kenzhekozhaeva¹, Zh.E. Baltogaeva²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov, Kazakhstan, Atyrau

*e-mail: mj_laila@mail.ru

Poetic tradition and creative consonance

The article provides a poetic analysis of the poems of Abai Kunanbaevich and Magjan Jumabaev and Mukagali Makatayev. Describing the manifestation of the tradition of Abai in the poetry of Mukagali, the characteristics of its features and methods of artistic design in the lyrical poems of poets are given. The nature of the use of means of artistic expression in the works of the double poet, the expressiveness of the author's feelings, penetration into the inanimate phenomenon, the flow of images, manifestations of psychological character and mood are studied on specific poems and illustrated with examples. Conducting a poetic analysis of lyrical poems, the creative abilities and characteristic artistic styles of the poets were revealed. Considering that the poetic meaning of poems and individual words in the works of Abai and Mukagali lies in sincerity and harmony, the impossibility of any other use of artistic means in them is proved.

In the article, the cognition, perception and evaluation of life, cognition of being, its character and feelings of a person living in contact with nature in the works of Abai and Mukagali were studied using specific examples. Comparing the lyrics of two Kazakh poets, the analysis of their poetic specificity, creative skill, artistic imagination contributes to the recognition of various traditions of Kazakh poetry, the understanding of works, the development of a model of artistic analysis.

Key words: Abay, Magjan, Mukagali, poetry, lyrics, poetics, creative skill.

Л.Ж. Мұсалы^{1*}, А.М. Кенжекожаева¹, Ж.Е. Балтогаева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова, Казахстан, г. Атырау

*e-mail: lailamussaly@gmail.com

Поэтическая традиция и творческое созвучие

В статье проведен поэтический анализ стихов Абая Кунанбайұлы, Мағжан Жұмабаева и Мұқағали Мақатаева. Описывая проявление традиции Абая в поэзии Мұқағали, дается характеристика его особенностей и способов художественного оформления в лирических стихах поэтов. Характер применения средств художественной выразительности в произведениях поэтов, выразительность чувств автора, проникновенность в неживое явление, поток образов, проявления психологического характера и настроения изучаются на конкретных стихах и иллюстрируются примерами. Проводя поэтический анализ лирических стихов, были выявлены творческие способности и характерные художественные стили поэтов. Учитывая, что поэтическое значение стихов и отдельных слов в произведениях Абая и Мұқағали заключается в искренности и гармонии, доказана невозможность иного использования в них художественных средств.

В статье на конкретных примерах были изучены познания, восприятие и оценка жизни, познание бытия, его характер и чувства человека, живущего на контакте с природой в произведениях Абая и Мұқағали. Сопоставляя лирику двух казахских поэтов, анализ их поэтической специфики, творческого мастерства, художественного воображения способствует признанию различных традиций казахской поэзии, пониманию произведений, развитию модели художественного анализа.

Ключевые слова: Абай, Мұқағали, поэзия, лирика, поэтика, творческое мастерство.

Кіріспе

Абай Құнанбайұлы, Мағжан Бекенұлы және Мұқағали Сүлейменұлының лирикасы әдебиеттануда бүгінге дейін біршама қарастырылып келгенімен, поэтикалық дәстүр тұрғысынан терең зерттеле қоймады. Қазақ үшін есімі де, әдебиеттегі ойып алар орны да зор ақындардың лирикасын салыстыруда дәстүр жалғастығын тану, зерттеу бүгінгі қазақ поэзиясы үшін қажетті деп білеміз. Абайдан бастау алатын қазақ лирикасы Мағжан, Мұқағали шығармашылығынан да көрініс алғанын дәлелдеу маңызды. Себебі қазақ әдебиеттануында кез келген өнер туындысының дүниеге келуі дәстүр жалғастығы негізінде орын алып келеді. Бұл сапалы көркем шығарманың пайда болуының басты шарттарының бірі.

Ақындардың поэзиясына теориялық тұрғыда терең үнілу мақсатында А. Байтұрсынұлы, Ғ. Тоғжанұлы, Ж. Ысмағұлов, Қ. Жүсіп, Ж. Дәдебаев секілді зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жүргізіліп, Абай мен Мұқағали туындыларына талдау жасалды. Бұл мақалада зерттеліп отырған тақырыптың түпкі мақсаты – қазақтың қос ақынының лирикасын өлең шумақтары негізінде талдай отырып, ұқсастығы мен айырмашылығын, қазақ әдебиетіне енгізген жаңалықтарын, дәстүр жалғастығын және көптеген әдебиет зерттеушілерінің тұжырым,

ойларына арқау болған аталмыш ақындар арасындағы шығармашылық байланыстың нақты көрінісін дәлелдеу.

Материалдар мен әдістер

Мақалада негізгі зерттеу мәселесі ретінде қазақ әдебиетіндегі поэтикалық дәстүр мәселесін Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев және Мұқағали Мақатаев лирикасы негізінде пайымдау мақсаты қойылды. Сондықтан ақындардың жыр жинақтары мен туындылары негізге алынып, нақты шумақтар мен тармақтарға талдау жүргізу жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңдерді қамтиды. Мәселен ақындар поэзиясындағы тақырып тудыру, фольклорлық мотивтер, ұйқас жасау ерекшелігі, оқырман бейнесі, көркемдік құралдарды қолдану шеберлігі – барлығы жүйелі түрде талданды. Талдау барысында бұған дейінгі зерттеушілердің әдістемелік еңбектеріне сүйене отырып сипаттама жасалды, салыстырмалы, жинақтау, талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесі – Абай мен Мағжан, Мұқағали лирикасына талдау жүргізу негізінде қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы мен ақындар арасындағы шығармашылық байланыс, лирикалық үндестік анықталды. Бұл поэзия зерттеушілеріне ғана емес, әдебиеттанушылар үшін де таптырмас құнды ақпарат, талдау жұмысы болары сөзсіз.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ поэзиясындағы поэтикалық дәстүр және шығармашылық үндестік туралы зерттеу жүргізгенде тек отандық емес, сондай-ақ шетелдік ғалымдардың пікірлеріне, зерттеу жұмыстарына шолу жасап, шет елдік әдебиеттану мен поэзиядағы орнын, әлемдік әдебиеттанудағы танымды анықтау аса маңызды. Ғылыми мақалада Абай Құнанбаевтың, Мағжан Жұмабаев пен Мұқағали Мақатаевтың өлең жинақтарына, осы ақындар шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалды. Ақындар өз лирикасында Абай дәстүрін алға тартса, Абайдың поэзиясындағы тілдік, тақырыптық, көркемдік, философиялық алғышарттар қайдан және қалай пайда болғанын әлемдік әдебиет негізінде саралау орынды. Абай мен шығыс ойшылы Әл-Фарабидің арасында үлкен байланыс бар екені белгілі, оның философиясы грек философиялық ойына ұқсайды, яғни, адамның үйлесімділігі мен кемелдік идеяларына негізделген (Braudel, 1993: 83). Сондай-ақ Абай өз кезеңінде-ақ шығармашылығын дамыту мақсатында досы Михаелистің көмегімен (оның кеңесі бойынша) Нью-Йорк университетінің профессоры Джон В.Дрэйпердің «Еуропаның интеллектуалды даму тарихы» (1869) атты аударылған жұмысын екі томдықта тауып, танысты (Paltore, 2012: 1935). Абай сонымен қатар Құранның сүрелерінен мысал алып, құдайдан көмек сұрап, «бізге тура жолды көрсет», дейді (Lee, 2010: 130-133). Көптеген ғалымдар Ислам идеяларын қолдана отырып, Абай исламды қазақ болмысының орталығына қоюға тырысты. (Frederick, 2013: 8). Семантикалық тұрғыдан алғанда, бұл әдісті Хоренаци грек философиясының тәжірибесін қолдана отырып, библиялық идеяларды интеллектуалды қозғалысқа келтіруге тырысқанда да қолданған (Stepanyan, 2014: 380).

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ даласындағы Ресейдің үстемдігі орасан зор із қалдырғаны белгілі болды; орыс тілді адамдар Қазақстан халқының көпшілігін құрайды, бұл өз кезегінде қазақтардың этникалық және мәдени анықтамалары арасындағы байланысты әлсіретті. Соған қарамастан, посткеңестік бірегейлік дағдарысы Қазақстанда мемлекеттік құрылыстың көреген процесін қабылдауға негіз салды (Carlos, 1998: 1).

Нәтижелер мен талқылау

Қазақ поэзиясының көгіндегі жарық жұлдыздар – Абай, Мағжан, Мұқағали поэзиясында шығармашылық үндестік болуы заңды және ол поэтикалық дәстүрмен тікелей байланысты. Ең алдымен, бұл ақындар үшін өлең – жай шумақтар емес, құдіретті өнер. Абай үшін өлең «сөз патшасы, сөз сарасы» болса, Мағжан ақын өленді «жанымның жаны, тәнімнің қаны, тіршілігім сенімен» деп біледі, Мұқағали ақын «Поэзия, менімен, егіз бе едің?» деп шарқ ұрады. Абай «мен жазбаймын өленді ермек үшін» деп өзінің мақсатын анық жеткізеді, Мағжан шайыр «Жан сүйгенім, ол да – өлең, жете алмасам, жолда өлем!» деп өзіне серт береді, Мұқағали «қазақтың қара өлеңі қаза болса, қара көзден жас емес, қан ағызатынын» айтып, әлемге жар салады.

Қазақ поэзиясының алыптары Мағжан Жұмабаев пен Мұқағали Мақатаев үшін Абай тұлғасы да, сөзі де аса қадірлі. Олар өз шығармашылығында Абай салған поэтикалық дәстүрді сақтап, ақын тұлғасына үнемі оралып отырады. Мағжан ақын үшін Абай жай ақын емес, «шын хакім», оның сөзі «баға жетпес асыл».

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес
Қарадан хакім болған сендей жанды
Дүние қолын жайып енді кетпес (Жұмабаев, 1989: 78).

Мұқағали болса, жыр жазғанда, шығармашылықпен айналысқанда қашан да «Абай үлгісін» сақтайтынын атап айтады:

Қуат алып Абайдың тіл күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден (Мақатаев, 1989: 99).

Мұндағы Абай болып табыну бір кісіге, Абай болып түңілу бір кісіден дегендер – Мұқағалидан басқа ақындарда кездеспейтін тың бейнелердің бірі.

Бұл өлең жолдарында Абай мен Мұқағали поэзияның бар болмысын, өлең жазудағы өз мақсаттарын өз оқырмандарына жете түсіндіре білді және сол поэзияны оқитын нағыз оқушының

да бет-бейнесін жасап берді. Мұнда екі ақынның екі бөлек өлең жолдарындағы барлық бейнелер Абай мен Мұқағалидың ортақ идеяларын ашып көрсетуге қатысады, бір идеяны төңіректейді, сол идеяны дәлелдеп, сол идеяға бағынады.

«Ермек үшін белгілі жырламасым,
Ермек десе, ел мейлі тыңдамасын.
Өтсем болды арқалап адамдардың,
Қуанышын, шаттығын, мұң-наласын»
(Мақатаев, 1989: 99).

Ақындардың өлең жолдарындағы екінші бір бейнесі – сол поэзия оқырманының бейнесі. Абай бұл бейнені беру үшін көкірегі сезімді, тілі орамды жастар, тасыр емес, талапты (жан), көңілінің көзі ашық (адам), өлеңі бар өнерлі інім деген фразаларды жасайды. Мұның ішінде көңілінің көзі ашық, тілі орамды, тасыр емес, талапты дегендер – қазақ поэзиясында тың бейнелер. Поэзия оқырманның осындай жағымды бейнесінің қарама-қарсысына тасыр, мисыз бәңгі, сәнқой, даңғой, керім – кербез т.б. деп поэзияның жағымсыз типін де береді.

Әдебиетшілер ақындар шығармашылығын талдауда ең алдымен эпитет пен теңеулерді негізге алады, сонымен бірге эпитеттің шығу тарихын зерттеушілері эпитет поэтик тілдің ежелгі замандардан бері келе жатқан адам баласының сәбилік дәуірінде өзінің ой-пікірін сурет арқылы берумен байланысты жарыққа шықты деп таныса, қазақ фольклоры да бұл пікірді растайды. Қазақтың ескі заманнан сақталып келген фольклор нұсқаларын алсақ, эпитет, әсіресе, тұрақты эпитеттерді жиі кездестіреміз. Мысалдарды қарастырсақ:

«Қызыл шұбар айдаһар,
Қара шұбар жолбарыс»
«Сары өзеннен өткенде
Тас суындай сарқырап,
Тарлан атпен Көбікті
Артынан жетті барқырап»
Солқылдаған ақ найза,
Басыма сайғақ болсын деп
Оң қорыме ілгенмін».

Бұл үзінділердегі эпитеттер – сын есім және көсемше мен өткен шақтағы есімше арқылы жасалған эпитеттер. Эпитеттің төртінші түрі және ауыз әдебиетінде өте жиі кездесетін түрі – тұрақты эпитет. Мысалы:

«Айнаменен ақ жүзімді көрейін,
Хақтың салған жарлығына көнейін».

Немесе:

«Есік алды қара су,
Майдан болсын, жар-жар-ау.
Ақ жүзімді қарауға,
Айнам болсын, жар-жар-ау».

Эпитеттің барлық түрі халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінде жиі ұшырасады. Біз Абай, Мағжан және Мұқағали шығармашылығына поэтикалық талдау барысында тілдік көркемдік құралдар сипаты мен қолданылу ерекшелігіне назар аудардық. Абай мен Мұқағалидың сөз қолданысындағы көркемдік ерекшеліктерді анықтау барысында эпитеттің қолданылу аясын анықтау жұмыс арқауының бір мақсаты саналды. Жұмысымыздың алдыңғы тарауларында Абай өзіне дейінгі әдебиетте қолданылмаған жаңа сөз, жаңа сөйлемдермен әдеби тілімізді байытқан ақын деп, оны дәлелдеу барысында ақын шумақтарынан бірнеше мысалдар келтірдік.

«Қан жүрек те қайғылы-ау,
Қайырыла кет сен маған» (Құнанбаев, 2006: 232).

«Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, ащы тіл» (Құнанбаев, 2006: 205).

«Асау жүрек аяғын шалыс басқан,
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма»
(Құнанбаев, 2005: 135).

«Алқыны күшті асаулар,
Ноқтаға басы керілді» (Құнанбаев, 2005: 33).

«Өрбіген жүрек басылмай,
Талапты көңіл ерімес» (Құнанбаев, 2005: 24).

«Жер қорыған желкек мал,
Желіп жүріп боздайды» (Құнанбаев, 2005: 61).

«Адасқан күшік секілді,
Ұлып жұртқа қайтқан ой (Құнанбаев, 2006: 51).

Тізілген толқын – меруерт,
Толғанып оқы, тербетер (Жұмабаев, 1989: 45).

Толқындаған дарияға
 Қызарып оттай күн бағар.
 Жұқа, ақшыл бұлттар
 Құрмет қып оны ұзатар (Жұмабаев, 1989: 67).

Осы шумақтарда көрсетілген эпитеттер ауыз әдебиетінде, Абайдан алдыңғы ақындарда, тарихи әдебиетте қолданылмаған екен. Сол себепті бұндай көркемдегіш құралдарды Абай жаңашылдығының сипаты ретінде пайдаландық.

Тілші ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып Абай өлеңдеріндегі жаңа эпитеттердің жасалу жолдарын анықтауға ұмтылыс жасалды. Эпитеттердің бірнеше тәсілдермен: кейбіреулері жалғаусыз түбір, кейбіреулері жалғау, кейбіреулері жұрнақ арқылы, не сөз, не дыбысты тастап кету арқылы жасалатынын анықтай келе, Абайдың сөзге жаңаша мән-мағына үстеп, жаңа эпитет жасайтынына көзімізді жеткіздік.

Қай тілде болса да бір нәрсенің белгілерін бейнелеп, әсерлі түрде атайтын әрі сол атаумен үнемі бірге қолданылатын эпитеттер болатын болса, олар көбіне тура мағынасында келеді, бірақ анықтап тұрған сөзімен тіркесіп, белгілі бір образ үшін жұмсалып келіп, олар тұрақты эпитеттер болып табылады. Біз мұндай эпитеттер түріне жоғарыда ауыз әдебиетіміздің үлгілерінен мысалдар келтіріп өттік. Ал енді ол Абайда қалай көрініс тапты дейтін болсақ, Абайдың *аппақ ет, қып-қызыл бет, қызыл жүз, тар төсек, бұраң бел, қызыл арай* дегендері тұрақты эпитеттермен келген тіркестер екенін де таразыладық. Мұндай тұрақты эпитеттермен келген тіркестер Мұқағали поэзиясында да *аппақ тамақ, қызыл ерін, бұраң бел, қызыл арай, кең жайлау, кең дүние* деген өлең жолдарында кездеседі.

Сөз шебері Абайдың *тәтті қыз, асау жүрек, ит жүрек, ыстық қайрат, долы қол* деген тіркестері, Мағжан ақынның *сүттей таза жүрек, жынды жүрек, ессіз жүрек, жас жүрек, жиіленді қара орман*, Мұқағалидың *тас жүрек, асау арна, жапырақ-жүрек жас қайың, от жүрек, теңселген қара орман* деп сөз саптауы қыздың, жүректің, қайраттың, қолдың, арнаның, қайыңның, орманның бір белгісін атап тұрған *тәтті, асау, ит, долы, тас, жапырақ-жүрек, жас, от, теңселген, қара* деген анықтауыштар өздерінің тура мағыналарында емес, ауыспалы мәнде келіп, тұрақсыз эпитеттер болып тұрғанын дәлелдеп дәйектедік.

Поэзия туындысын оқып отырғанда өлеңде бұрын кездеспеген не аз ұшырасатын жаңа сөз,

жаңа образ не жаңаша сөз құраулар көзге тез түсетіні белгілі. Бұл – табиғи нәрсе. Өйткені қоғам өміріне енген әртүрлі жаңалықтар жаңа сөз, жаңа образдарды да ала келеді. Сонымен қатар, оқушы көркем шығармадан әрдайым жаңалық күтеді, адамның жан жүйесі жаңаша сезімді аңсайды. «Сондықтан жаңа образдың жарыққа шығуы, не кейбір образдың бұрынғы дағдыдағы қалпынан өзгертіліп құрылуы оқушыға жаңаша әсер етеді. Ол образдар мүлде жаңаша, не бұрынғы бар образдың дағдыдағы қалпын өзгертіп, жаңаша құрылды ма, бәрібір оқырмандар олардың шығу тегін іздеп жатпайды, өзінің жаңалық аңсаған жан жүйесі мен сезім дүниесіне сусын берсе болды, ол образ жаңа болып есептелінеді» деген пікірге біз де қосыламыз (Тоғжанұлы, 1934: 198).

Сондықтан, халықтың жалпы ұғымында болса да, өзіне дейінгі әдебиетте аз қолданылған сөз бен сөйлемдерді орнықты, заңды етіп басқаша түрде әдебиетке енгізуді жаңалық деп қарауға болады деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан қарағанда Абайдың эпитеттерді қолдануындағы тағы бір ерекшелігі жоғарыда айтылған инверсия заңына сүйеніп, эпитеттердің дағдыдағы орнын ауыстыруы болмақ.

«... Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
 Ой желке, үңірейген болса сағақ»

«... Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,
 Тояттаған бүркіттей салқы төсті»

«... Ұршығы төмен біткен, шақпақ етті»,

«... Сырты қысқа бауыры жазық келіп,
 Арты талтақ, ұшасы үлгерішекті»
 (Құнанбаев, 2006: 44).

Өлең жолдарындағы курсивпен тіріліп ұсынылған сөздер – Абайға дейінгі қазақ әдебиетінде кездеспеген, не өте сирек ұшырасып, орны ауыстырылып қолданылған эпитеттер. Қазақы сөз қолданысында әдетте «Шығыңқы ауыз омыртқа, майда жалды» деп қолданылса, Абай: «Ауыз омыртқа шығыңқы» деп эпитетті анықтайтын сөзден кейін қояды. Бұл әдіс Абайдың көп өлеңдерінде кездеседі.

Ауыз әдебиетінде бұндай қолданыстың сиректігі байқалады. Бұрынғы әдебиеттерде өте сирек ұшырайтын эпитеттің бұл түрін Абай дамытып, орнықты етіп әдеби тілімізге бекітті. Мұндай эпитеттер әртүрлі өмір құбылысын су-

реттеуде, оқырмандардың ой-санасына әсер етуде аса қажетті тіл құралы екенін танытып, Абай өлеңдерінің жаңашылдығын танытуда қызмет атқарды. Эпитеттің осы түрінде Абайдың өзіне тән ерекшелігінің де барлығын ескерткіміз келеді. Мысалы:

Қар *аппақ*, бүркіт *қара*, түлкі *қызыл*,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Құнанбаев, 2005: 42),

– деген үзіндідегі эпитеттер де жоғарыда талданғандар секілді инверсия заңына сүйеніп жасалынған. Бірақ алдыңғы үзінділерде эпитеттер инверсияға негізделіп жасалғанмен де, олар қарапайым эпитеттер болып саналады. Ал мына өлеңде жай инверсия ғана емес, шендестіру (антитеза) де бар. Абай үш түс арқылы тілдің үш түрінің басын бір жерге қосып, сол арқылы аңшылық өмірді ерекше етіп бере білген.

Эпитеттің бұл сияқты қиыннан қиысқан түрін тек қана Абайдан табуға болады десек те, Абайдан кейінгі әдебиет өкілдерінің де Абай сияқты күрделі сөз тұлғаларын жасауға, ол секілді жаңа образ жасауға тырысқаны байқалады. Осы орайда біз бұл ерекшелікті Мұқағали поэзиясынан іздестіріп көрдік. Мұқағали:

Құс – *аппақ*, айдын – *аппақ*, нұр да – *аппақ*,

Аппақ нұр – аппақ нұрға қосылады (Мақатаев, 1989: 469),

– дейді. Бұл үзіндідегі курсивпен көрсетілген эпитеттер де инверсияның заңына сүйеніп жасалған. Мұнда жалаң эпитет пен инверсия ғана емес, мұнда да Абай қолданысындағыдай шендестіру бар. Айтпақ ойы мен өмір құбылыстарын суреттеу үшін Мұқағали поэтикалық тілдің үш түрін бір жерге қосқанда, сол арқылы туған жердің әсем табиғатын көркем, әсерлі етіп бейнелеп көрсеткен.

Мұндай ерекшеліктер Абайға дейінгі Бұқар, Дулат, Шернияз тағы басқа көп ақындарда не кездеспей, не кейбіреулерінде ілуде бір-екілі кездесе, Абайдан кейінгі сөз шеберлерінде, атап айтсақ, Мұқағали поэзиясында жиі ұшырай бастауы кездейсоқ нәрсе емес. Әрине, ол – Абайдың әсері. Бұл – заңды құбылыс. Себебі, Мұқағали өзінің шығармашылық жолында әркез Абайды басшылыққа алып отырған, үлгі тұтқан.

Адам баласы мәдениет сатысына көтеріліп, ой-сана ілгерілеген сайын өмір құбылысын терең түсініп, бір нәрсенің қасиетін, ерекшеліктерін

әр түрлі жақтарынан тани бастайтыны мәлім нәрсе десек, бұл жалпы көркем тілдің тәсілдерін, әсіресе, эпитеттерді талдағанда айрықша көзге түседі. Өмір құбылысын, не зат, не бір нәрсенің ерекше қасиеті тек біреу, екеу емес, сансыз көп деп танып, сол әртүрлі қасиет, ерекшеліктерін таба біліп әдебиетке енгізу шын мәніндегі көркем әдебиет жасаушы, әдебиет тілін дамытушы ақын, жазушылардың дүниеге келгендігін көрсетеді және шын мәніндегі көркем әдебиетті, ауыз әдебиетінен айрықша ететін де негізгі мәселенің бірі – осы болмақ. Міне, бұл тұрғыдан қарағанда, Абайдың өзінен бұрынғы әдебиеттен де, өз кезіндегі әдебиеттен де дәрежесі жоғары сатыда тұрған ақын екендігін көреміз. Жыр дүлдүлі Мұқағали да өз дәуірінде Абайды саналы түрде бас ие мойындап, өз жырларында Абайды дала данышпанына теңейді.

Жоғарыда айтылған сөздерімізге дәлел келтірер болсақ, мысал үшін «жүрек» сөзін алсақ, Абай жүректің алдына әр түрлі эпитет қойып, оның әр алуан қасиетін ашады. Эпитет арқылы «жүрекке» түрлі мән береді. Олардың ішінде жылы жүрек, ет жүрек деген біренсараны ғана тұрақты эпитеттермен келгендері болса, қалған он төрт-он бесі Абайдың өзі ұсынған эпитеттермен айтылған образдар: *сорлы жүрек*, *асау жүрек*, *жалын жүрек*, *үрпейген жүрек*, *кірлеген жүрек*, *ынталы жүрек*, *жаралы болған жүрек*, *асыл жүрек*, *мұз жүрек*, *сұм жүрек*, *ызалы жүрек*. Бұлардың барлығы да образдар. Абай жалпы жүрек сөзін 150-ден астам рет жұмсағанда, ол қолданыстардың бәрі «адам, адамның ішкі дүниесі, сезімі» деген мәнде, мағынада жұмсалған екен.

Осы сияқты жүрек сөзінің алдына әртүрлі эпитеттерді қойып, оның әр қилы қасиетін ашу Мұқағали қолданысында да кездеседі. Мысалы, *тас жүрек*, *ұлы жүрек*, *отсыз жүрек*, *от жүрек*, *ет жүрек*, *қамыққан жүрек*, *әлсіз жүрек*, *күпті жүрек*, *асау жүрек*, *жаралы жүрек*, *кір жүрек* деп қолданып, Мұқағали да Абай ұғымындағы «адам, адамның ішкі дүниесі, сезімі» деген ауыс мағынада қолданады.

Бұл жерден біз екі ақынның да өздерінің сөз қолданыстарында да бір образды жасауға ұмтылатындықтарын көреміз.

Ақындардың қолданысында *жүрек* сөзі адамның өзіне тән ынталы, сорлы, жаралы, ызалы, ауру, асыл, ұлы, әлсіз, күпті, ақ қамыққан деген сын-сипат атаулармен келгенде, оның адамға қатысты образды беріп тұрғаны айқындала түседі. Ал, Абайдың: «Үрпейген жүрек басыл-

май, Талапты көңіл елірмес; ...Кірлеген жүрек өзі үшін, Тұра алмас әсте жуынбай; ...Жүрегім менің қырық жамау, Қиянатшыл дүниеден» дегенімен Мұқағалидың: «Ұлы жүрек жылайдағы біледі, Ұлы жүрек жыласа тым қиын-ақ, ... Доссыз адам – отсыз жүрек ақымақ; ...Ал екінші бақытым тілім менің, Тас жүректі тіліммен тілімдедім; ...Жүрегім менің жанартау; ...Шыдауда от жүрек шыдауда; ...Ашулы айбынды жүректен, Құдіретті үн шықты; ...Жапырақ жүрек жас қайын» деген өлең жолдарындағы эпитеттер жүрек сөзімен берілген образдың экспрессивті-эмоционалды қызметін арттырып тұр. Осы жолдарда Абай өзіне дейінгі қазақ поэзиясында бұрын кездеспеген тың поэтикалық дүниелерді жасаған, ал Мұқағали Абай салған дәстүрді жалғастыра, Абай ойымен үндес жыр жазған ақын болған.

Топшылауға сүйенсек, Абай мен Мағжан, Мұқағали ең алдымен поэтикалық образ жасайтын тірек сөздерді алға тартады. Жоғарыда келтірілген *жүрек* сияқты сөз білдіретін ұғымдар адамның ішкі дүниесін, жалпы өмірді талғаған ойшыл ақындарымыздың философиялық нысандары болатын. Бұл арада ақындарымыздың мақсаты осындай ұғымдарды тек атап қою емес, оларды сан қырынан суреттеу болғандықтан, бұл атаулардың эстетикалық өрісі де әрі тың, әрі кең болып келген.

Абайдың көркем тілінде тұрақты эпитеттер қаншама молынан кездесе, өзі келтірген авторлық жаңалықтары да одан кем емес. Жаңа эпитеттерді ұсыну үшін Абай синкреттік амалды кеңінен пайдаланған, яғни семантикалық жағынан бір-бірімен үйлеспейтін (тіркеспейтін) сөздерді тіркестіруді жүйеге айналдырған. Мысалы:

«Көрмеген көп дүниеге көл көрінді,

Кірлемеген көңілдің ашығында» (Құнанбаев, 2005: 53),

– дегенінде *кірлемеген* эпитеті мағынасы жағынан өзі анықтап тұрған *көңіл* сөзіне үйлеспеуі тиіс, өйткені кірлейтін нақты зат (киім, төсек т.б.) болса керек еді, ал көңіл нақты зат атауы емес, дерексіз (абстракт) ұғым атауы. Бұл жерде *кірлемеген* деген сөз – метафораланып, әлі жамандық көрмеген, барлығына үмітпен қарайтын адамды бейнелеп атайтын образ болып тұр.

Авторлық жаңа тіркестер жасауда Мұқағали да Абай сияқты синкреттік амалды пайдаланған.

Дәл жоғарыдағы келтірілген өлеңдегі Абай жасаған образды жасау үшін, сол идеяны ашу үшін Мұқағали:

«Айтып кеткен ақында арман бар ма?

Жүрегінің түбіне *кір* жасырмай» (Мақатаев, 1989: 39),

– дейді. Мұндағы *кір* сөзі мағынасы жағынан өзі тіркесіп тұрған *жүрек* сөзіне еш уақытта тіркесе алмайды. Өйткені нақты зат атауы (адамның дене мүшесі) болса да, жүрек кірлемейді. Бұл жерде жүрек сөзі Абай қолданысындағы көңіл сөзімен сарындас болып тұр. Яғни, *жүрек* сөзі абстракті мағынада жұмсалып тұр. Осы өлеңінде Мұқағали өмірдің бар болмысын биік рух, асқақ талантпен шынайы жырлайтын ақынды бейнелеп көрсететін образ жасайды.

Сөйтіп, Абайдың өзі айтқанындай, «Өлең деген әр сөздің ұнасымы» дегенде Абай мен Мұқағали сол ұнасымның бірін тұрақты және тұрақсыз, яғни, дәстүрлі және авторлық немесе контекстік эпитеттерді қолданудан тапқан.

Абай, Мағжан және Мұқағали өз өлеңдерінің «іші алтын, сырты күміс» болуын қалағанда, қос ақын поэзияның терең мәнді, аз сөзді болуын көздейді, сондықтан сырттай әсерлі көрінетін қызыл сөздерден аулақ болу принципін ұстайды. Осы себептен де дәстүрлі эпитеттерге әрдайым иек арту өздерінің айтпақ ойларына сай келмей, көп сөзділікке апаратынын Абай да, Мағжан да, Мұқағали да жақсы сезген. Эпитеттердің тұрақты (константы) түрлері ақындарымыздың жаңа идеяларына, яғни жаңа поэтикалық образдарына, өлеңнің жаңа тақырыбына сай түсе бермейтінін де, олардың құр жылтырақ артық сөз болып шығатынын да талантты жандар түсіне білген, сондықтан Абай мен Мағжан, Мұқағали жаңа авторлық эпитеттерді молырақ ұсынады және ол эпитеттердің көркемдігі, әсерлілігі бұрынғылардан артық болмаса, кем еместігін біле тұрғанымен, тұрақты түрлеріне құлағы үйренген оқырманға жаңа эпитеттердің оқыған сәтте бірден әсерлі болып естілмейтінін де сезеді. Абай мен Мағжан, Мұқағали шығармаларындағы сөздердің көркемдік мәні шынайылығында болса, ұлт санасында қалыптасқан тенеулерді басқаша беру мүмкін емес.

Көркем шығарма тіліндегі тенеулердің қолданысы ең алдымен коммуникативтік, яғни айтылар ұғымды, ойды кеңінен тереңдете оты-

рып жеткізу қызметін атқарады. Сөз ұғымының тереңдетілуі үшін ол ұқсас құбылысқа салыстыра отырып түсіндіріледі, дәл, әрі анық салыстыру үшін сөз иесі тыңнан тапқырлық іздеп, ұқсас құбылыстардың таңдамалысын ғана елеп, екшеп алады. Демек, зерттеушілер атап көрсеткен теңеудің шығарма тіліндегі көркемдік пен бейнелілігі тілдің коммуникативтілік қызметінен туындайды.

Абай мен Мағжан және Мұқағали поэзиясы көркемдігінің бір сыры теңеулердің орынды қолданысы болып табылады. Тіл мен әдебиеттің ортақ зерттеу нысаны ретінде қарастырылып жүрген теңеулер халықтық тілдің көркемдік қасиеті болып табылады. Сол көркемдікті, яғни ұқсату, салыстыруды білдіруде тіл қызметінің орны ерекше.

«Абайдың ақындық ұлылығын сөз қылғанда, алдымен ауызға ілінері оның қазақ өлеңіне жасаған реформалары болса, ал сол реформаларды жүзеге асырудың басты шарты ретінде поэзиядағы көркемдіктің табиғатын ашып берді: ақын мен ақындық өнердің қоғам өміріндегі, адам тіршілігіндегі атқаратын рөлін көрсетті. Сол рөлді атқарудың ең оңтайлы, ең жемісті құралы ретінде ұлттық поэзиямызға лирика жанрын енгізді» (Ысмағұлов, 2007: 10). Бұл мақаласында ғалым Жұмағали Ысмағұлов бұрынғы қазақ өлеңдерінде лирика элементтері болған жоқ деген пікірді айтпағанын есте ұстауымыз қажет. Бұрынғы жыраулардың, жыршы-ақындардың ауызша шығармаларында лирикалық сарындар болған. Бірақ белгілі бір тақырыпқа арналған шағын көлемді, шын мәніндегі көркем лирикалық өлеңдерді енгізген Абай деп танитындығымыз ғылымда дәлелденген. Бұл лирика жанры жазба әдебиетімізге Абай туындылармен бірге келіп, солар арқылы орнықты. Ғасырлар бойы бар тіршілігі далада, табиғаттың қалың ордасында өткен көшпелі қазақ халқының дастан-жырларында бұл тақырып атүсті ғана ауызға алына-тын, арнайы сөз болмайтын.

Поэзиядағы мәңгі тақырыптардың бірі – табиғат лирикасы. Абай – бұл тақырыпты әлемдік шеңбер деңгейінде өте шебер суреттеген ақын. Осы арқылы ол қазақ поэзиясында жаңа мазмұн, жаңа ырғақ туғызып, оны реалистік поэзия дәстүріне ұластырды. Абайдың поэтикалық үні мен суреткерлік өнері Мағжан мен Мұқағалидың поэзиясын шарпымай өткен жоқ. Біз бұл жерде Абай мен Мағжан және Мұқағали өлеңдеріндегі

сыртқы ұқсастық пен тақырып үндестігіне ғана емес, сонымен қатар суреткерлердің сөз саптау мәнеріне де, сурет өрнегіне де тоқталмақпыз.

Жылдың төрт мезгілі де Абайдың қаламынан асқан талғампаздықпен көркем, бейнелі жырланып, толыққанды көрініс тапқан. Абай «Жазғытұры» деп аталатын өлеңінде:

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қику салар көлдегі қаз бен қулар (Құнанбаев,
2006: 121),

– деп тіршілік иесі жан-жануарлармен қоса қабат қыс бойы бір-бірінен қол үзіп қалған көшпелі ауыл адамдарының көктеммен бірге сергіп, серпілген сәтті суреттегендегі Абайдың шеберлігіне қайран қаласыз. Осы өлеңінде:

Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынысты,
Құмары екеуінің сондай күшті,

– дейді. Немесе:

Күн күйеуін жер көксеп ала қыстай,
Біреуіне біреуі қосылыспай.
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,
Жер толықсып, түрленер тоты құстай
(Құнанбаев, 2006: 121-122),

– деп, дүниедегі барлық тіршіліктің көзі Күннің нұры мен Жердің нәрінде деген ақиқатты ақын күнді күйеуге, жерді қалыңдыққа теңеп, барлық өмір сол екеуінің сағынысып қауышуынан жаралған деп түсіндіруі өте жарасымды болып тұр.

Абай қазақтың жазба әдебиетін қалаушы, қазақ өлең құрылысына реформа жасаушы десек, Мағжан мен Мұқағали сол үрдісті дамытушы, жалғастырушы дейміз. Абайдың қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтары мен жетістіктерін Мағжан мен Мұқағали да өте жиі және шебер қолданып отырған. Мәселен, Мағжан Жұмабаев пен Мұқағали Мақатаевтың табиғат лирикасына жазған өлеңдеріндегі суреттеу амалдары мен көркемдеу тәсілдері Абайдың табиғат лирикасына жазылған өлеңдеріне ұқсас, сарындас келіп отырады. Мәселен, Мағжанның «Көктем» атты өлеңінде де Күн образын алғашқы орынға шығарып, «алтын сәуле» тіркесімен толықтыра түседі.

Көкте жүзіп жарық күн,
Нұрын шаша бастады.

Оянсын деп жер жүзі,
Алтын сәуле тастады (Жұмабаев, 1989: 74).

Мұқағали «Біздің көктем» деп аталатын өлеңінде:

Көктем, көктем! Қыз – көктем ауылдағы,
Өлең – жыр, әзіл – күлкі ауыл маңы.
Тиянақ таппай ұшқан көк көбелек,
Көк гүлге қонды – дағы дамылдады, – дейді
(Мақатаев, 1989: 12).

Ақын көктемді өмірдің келешегі, табиғаттың оянуы, жер-жаһанның көктеп, гүлденуі деп, түйе боздап, қой қоздап, мал төлдеген ауылдың көктемгі көрінісін жанды етіп әсем бейнелейді. Ауыл маңы жастардың әзіл-күлкісіне, өлең-жырына бөленген көңілді шақ көз алдымызға елестейді.

Қос ақынның көктем тақырыбына жазылған өлеңдерінде Абай күнді күйеуге, жерді қалыңдыққа теңеп, дүние жүзінің құлпырған, тіршіліктің оянған сәгін суреттейді. Ал, Мұқағалида көктем қызға, тентек желді жігітке телініп, ауылға көктем келіп, мамырлап бұлт, дүние таң-тамаша болып, жұрт дабырлап жатқан кезді жанды өрнектейді.

Жалпы, Мағжан мен Мұқағалидың пейзаждық лирикасын Абайдың үлгісімен бере білген. Поэтикалық дәстүрді сақтай отырып, бұл ақындардың табиғатты суреттеу шеберлігі ұқсас. Әрине, Мағжан мен Мұқағали Абай дәстүрін жалғастырғанымен өз шеберлігімен, өз суреткерлігімен жырлағаны байқалады. Ақындардың тақырыптық идеясы бір екенін көреміз. Бірақ бейнелеу, суреттеу әдістері екі түрлі. Ақындар көктемді өмір мен тіршіліктің бастауы деп, бірі күйеу мен қалыңдыққа, екіншісі қыз бен жігітке балап, метафораның ұлғайған, күрделі түрін қолданған.

Абайдың біз мысалға алып отырған «Жазғытұры» деген өлеңімен Мұқағалидың «Қырқада, ойда, бөктерде» деп басталатын өлеңдерін нақты шумақтармен салыстырып көретін болсақ, екі ақынның көктемгі табиғатты образды суреттеудегі үндестігіне тағы да бір көз жеткізе аламыз. Абай:

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,
Қиқу салар көлдегі қаз бен қулар, –
(Құнанбаев, 2006: 120-121),

– десе, Мұқағали:

Жан – жақтың бәрі жаңғырып,
Жасарып кетті ой да қыр.
Биеден шампан алдырып,
Той жасап жатыр қойлы ауыл (Мақатаев,
1989: 10-11).

– деп суреттейді. Бұл біздің өз кәсібімізге айналған мал шаруашылығының қазақ болмысында көктемде қалай көрініс беретінінен хабардар етеді.

Екі ақынның көктемді жырлап, суреттеуінде де малдың төлдеуі, әнші құстардың сайрауы, гүл мен ағаштың гүлденгені, ой мен қырдың құлпыруы, жылғалардан сылдыр қаққан бұлақ суы – бәрі түгелімен толық үндес бейнеленген. Тек олардың өлең өлшемдерінің әртүрлілігі болмаса, жоғарыда мысалға келтірілген екі ақынның өлеңі бір адамның шығармасы сияқты сезіледі. Абай өз ойларын а, а, б, а қара өлең ұйқасымен 11 буынды, 3 бунаққа салып жеткізсе, Мұқағали 9 буынды, 2 бунақ а, а, б, а қара өлең ұйқасымен жеткізген. Абайдың көркем ойлау мен дүниетанымындағы ерекшеліктер осылайша Мұқағалида да кездесіп, жалғасын тауып отырды.

Қазақ жерінің өте әдемі табиғатын жырлау Абайдан кейінгі ақындарымыздың басты тақырыптарының біріне айналған. Табиғат лирикасына жазылған Мұқағалидың өлеңдері де көп екенінен хабардармыз. Хантәңірінің баурайында орналасқан табиғат сұлулығын көзбен көрмесең, ауызбен айтып жеткізе алмайтын Шөлкөде, Айқайтас жайлауы мен Қарасаздай жерде өскен Мұқағалидың өз туған жері туралы сыр шертіп, қалам тартпауы мүмкін емес еді.

Қай ақын табиғатты жырламайды?! Бірақ қайсысы қай жағынан келеді? Ерекшелік осында байқалмақ. Мұқағалида табиғат пен адам және оның көңіл-күйі біртұтас. Мұқағали поэзиясында адам мен табиғат бірге жырланады, бір-бірінен қалыспайды. Мұқағали өзін табиғаттан бөліп алып жырламайды. Үнемі табиғатпен бірге кірігіп отырады. Яғни, әдебиет теориясы бойынша параллелизм арқылы өз ойын көркем етіп бейнелейді.

Мұқағали – лирик. Ол барлық жан дүниесін, дарыны мен талантын осы жанрға арнады. Ал, осы жанрдың бөлінбес бөлшегі табиғат лирикасы ақын сезімінде өзіндік бояу түсінігімен тіріліп, көркем құбылысқа айналады. Осы арадан біз тағы да Абайдың жыр жазу үлгісін

аңғарамыз. Осы ойымызды дәлелдеу үшін Абай мен Мұқағалидың тағы да табиғат лирикасына жазылған өлеңдерін салыстырып көрмекпіз.

Мұқағали «Сәуірде» деп аталатын өлеңінде кеш келген көктем мезгілінің көрінісін Абайдың «Қыс» өлеңі үлгісімен бере білген. Абай:

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап келіп қалды
(Құнанбаев, 2006: 71),

– деп қысты адам бейнесінде суреттеп, қыстың сықырлаған суығы мен қатаң ашуын кәрі құдаға теңейді. Мағжан ақын «Қысқы жолда» атты өлеңінде қыс бейнесін боранды түнмен астастырады.

Қараңғы түн, сары дала,
Көрінбейді айнала.
Боран соғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап (Жұмабаев, 1989: 81).

Ал Мұқағали қысты қырсық кәрі шалмен байланыстырып, қыс пен көктемнің алмасу кезеңін салыстыра жырлайды.

Сәуір туды, жас жігіт бұйығы әлі,
Қатал қыс әлі әмірін бұйырады.
Төрінен көрі жуық кәрі шалдың,
Қолына су құяды, қиылады (Мақатаев, 1989: 47),

– деп мезгілі өтіп бара жатқан қыс мезгілін кәрі шалға, келе жатқан көктемді жас жігітке теңейді. Осы суретті жолдардың сәтті өрілуі өлеңнің өн бойынан анық байқалады. Оны ақын:

Әлепат шал әлі де борбайлайды,
Ұнамайды жігіттің тоңды ойғаны.
Дүниені өткізу әктісіне,
Қасарысып, қыңыр шал қол қоймайды
(Мақатаев, 1989: 47),

– деп көрсетіп, юморға құрады. Абай қыс мезгілін сипаттаса, Мұқағали қыс пен көктемнің алмасу кезеңін салыстыра сипаттайды. Қыс пен көктем арпалысын өмір көрінісімен теңдестіре, әзілмен астарлай жырлайды. Яғни табиғат заңы, уақыттың өз дегенімен жүруін аңғартқандай. Суреткер өз өлең жолдарында троптың астарлау түрін қолданған.

Немесе тағы да басқа қыс мезгілін өрнектейтін Мұқағалидың жырларына үңілетін болсақ, оның «Қара суық» деген өлеңі Абайдың осы «Қыс» өлеңіндегі көркем бейнелеу амал-тәсілдеріне ұқсас келеді. Сол өлеңнен мысал келтіретін болсақ:

Тозаңы ұшып ақ қардың қылаулаған,
Тұнжырайды анау – қыр, мынау – далам.
Күрк-күрк кәрі қыс жөтеліп тұр,
Әлдеқайда әлсіреп, тұмаураған, – (Мақатаев, 1989: 61).

– дейді. Қыс мезгілін Мұқағали да кәрі адамға теңейді. Бірақ ол Абайдағы секілді алты қанат ақ орда үйді тербететін асау емес. Қаңтар айы келсе де қар жаумай қара суық қарыған осал, ауру, кәрілік жеңген қыс болып тұр. Қар жаумағандықтан жалаңаш қыр да өз келбетінен қымсынып тұр. Ал қыстың көркі қар екені анық. Ақын қыс мезгіліндегі осы ерекшелікті суреттегенде, көз алдымызда табиғаттың жұтаң тартқан келбетін көреміз. Мұнда да Мұқағали психологиялық шындық пен сырлы сезімдерге, жанды бояулар мен сиқырлы үндерге толы суреттерді шебер бейнелеген.

Жоғарыда келтірілген өлеңдерде Мұқағали құбылыстарды хабарлау сөздермен емес, суреткерлік шеберлікпен суреттейді. «Қазақ поэзиясында Абай қалдырған дәстүрдің ең үлкені осы – суреттеу, бейнелеу; яғни айтқанда, әрбір нәрсенің көркем образын беру, біздің бұған айрықша көңіл қоятынымыз – поэзияны искусство дәрежесіне көтеретін басты шарт – көркем бейне». Абайдың поэзиядағы осы дәстүрін мықтап меңгерген Мұқағалидың өлеңдерінен де оның нағыз суреткерлігі мен бейнелеу шеберлігін мойындаймыз. Мұқағали көркем сурет жасауда реалистік өмір құбылыстарымен, адам тіршілігімен ұштастыра отырып бейнелейді.

Табиғат лирикасын жырлауда Абайдың өзіне дейінгі үлкен жаңалығын жоғарыда мысалға келтіріп отырған «Қыс» өлеңінен көре аламыз. Абай қыс көрінісін қыстың қақаған аязында ақ қыраудай сықырлап келіп қалған ақ сақалды шал болған кірпияз кәрі құда бейнесінде суреттейді. Дәл осылай көркем, жанды түрде бейнелеп көрсету Абайға дейінгі әдебиеттен кездестіре алмаймыз. Ал Абайдың бұл суреттеу амал-тәсілдері өзінен кейінгі Мұқағали сынды ойлы да шебер ақындарда кездесіп отырады. Бұл – заңды құбылыс. Өйткені Абайдың қазақ әдебиетіне, тіліне, өлеңіне енгізген жаңалықтары

өзінен кейінгі әдебиет өкілдеріне үлкен мектепті қалыптастырды. Олар әркез Абайдан үйреніп, Абайдан үлгі алып отырды.

Бұл өлең жолдарында, Абайдың «Қысы» мен Мұқағалидың «Сәуірде» және «Қара суығын» айтып отырмыз, екі ақынның тақырыптық идеясы бір болғанымен, бейнелеу, суреттеу әдістері екі түрлі. Екі ақында да қыс мезгілі кәрі шал бейнесінде беріледі. Осылайша қос ақын табиғатты шын мәнінде тіріліп, онымен тұтасып, ірі суреткерлікке қол созады. Бұдан біз Абай дәстүрінің қазақ әдебиетінің даму тарихында, оның ішінде өзіміз арнайы тоқталып отырған Мұқағали поэзиясында заңды жалғасын тауып, жылдан-жылға байып келе жатқан асыл арна екендігіне тағы бір көз жеткіземіз.

«Өз творчествосының әлеуметтік сипаты, идеялық бағыты, бүкіл рухымен ғана емес, көркемдік қырларымен де Абай өзінен кейінгі қазақ поэзиясына қуатты әсерін тигізді» (Жүсіп, 2007: 56). Мұқағали – Абай дәстүрлерін, оның өлең өлшеулері мен үлгілерін лирикалық поэзиясында мол қолданған ақын. Мұқағалидың ақындық шабытты толық игеру жолындағы Абайдан үйренуі оның ізденістері мен шығармашылық тәжірибесінен анық байқалып отырады. Осылай бола тұрса да Мұқағали поэзиясы терең мазмұнды, ойлы бояумен бірге көркемдік қырларымен, өзіндік өзгешеліктерімен де ерекшеленетінін жоғарыда келтірілген мысалдарымызда айтып кеттік. Оның өлеңдерінде нақтылық сипат, тұжырымдылық басым.

Мұқағали кемеңгер Абайдан көп үйренген ақындардың бірі екенін біз оның табиғат лирикасына жазылған өлеңдерінде Абайдың үлгісін, соның өлшемін, көркемдеу мен бейнелеу амалдарын сақтап жазғандығынан байқап, нақты мысалдармен көрсетуге тырыстық.

Мұқағалидың лирикалық поэзиясын оқығанда сол шығармаларда оның өзіндік ақындық тұлғасы, жеке басының қалпы мен табиғаты соншалықты анық, қуатты көрініс береді. Өмір шындығының қай құбылысын, қай қалтарысын жырласа да, ақын өз қатынасын білдірмей қалмайды. Үнемі өз жүрегінен, ой елегінен өткізіп барып, сезіне отырып жырлайды. Шындықты сырттан бақылаушы болып қана жазу Мұқағали поэзиясына тән құбылыс емес екенін аңғарамыз.

Жоғарыда айтылған ойларымызды қорытындылайтын болсақ, біз Мұқағалидың Абай поэзиясының идеялық бағытын, әлеуметтік сырын дұрыс аңғарып, бағдарлағанын көреміз.

Әлем әдебиетіндегі ендігі бір мәңгілік тақырып махаббат лирикасы да Абайдың ақындық мектебімен келген қазақ әдебиеті мен поэзиясының жетісітігі. Әрине, төл әдебиетімізде де, лиро – эпостық дастандар мен қиссаларда да ғашықтар тағдыры аз жырланбаған. Бұл жырлардан біз тек оқиға желісін қызықтап, олардың тағдырына сырт көзбен аяушылық танытып қана шектелеміз. Одан өз басымыздағы махаббат сезімдерімізбен салыстырып немесе соған іштей болса да еліктеп, армандау деген ой тумамайтын еді. Ал Абай қаламынан туған осынау махаббат пен сүйіспешілік өлеңдерде өз заманымыздағы адам басындағы жайлар жырға қосылғанда оқыған мен тыңдаған адамның жүрегін лүп еткізіп, өз басында болғандай немесе бола жаздағандай әсерде қалдырады. Абай ғашықтықты айтқанда қазақ қызының сезіміне үлкен тосқауыл болған ескі ата дәстүрдің кері жақтарын байқағанын жоғарыда айтып өттік.

Мағжан ақынның махаббат лирикасында ерекше орын алатын «Гүлсімге» өлеңінде ақын өз ғашығының образын айрықша қасиетті сөздермен жеткізіп, «періштеге» балайды. Ақын үшін жүрегінің төрінен орын алған сүйіктісі жай қарапайым адам емес, көктегі періштедей киелі. Оның өзі үшін аса қымбат бейнесіне ерекше қасиет дарытқысы келген Мағжан ақын әдеттегі сөздерді емес, діни лексиканы (жұмақ, тәңір нұры, періште) молырақ пайдаланады.

Жұмақтағы кәусар судан,
Бетіндегі алтын будан,
Періштелердің жырынан,
Жұмақ суы сылдырынан,
Жапырағының сыбдырынан,
Тәңірінің дәл өз нұрынан
Жаратылған періште еді.

Ал Мұқағалида бұл мүлде басқаша көрініс тапқан. Адам баласының ақыл-ойы ғасырлар бойы дамып, өзгеріп отыратыны даусыз. Осыған орай адамдардың да таным-түйсігі, өмірді қабылдауы, болмысты тануы дамып, өзгеріп отырады, жаңғырып жаңарып отырады. Мұқағалидың өмір сүрген заманында жігіт пен қыздың махаббат сезімдері бір деңгейде қаралатын болды. Қазақ қыздарының да өз сезімдері үшін күресіп, оны қорғауға, адал махаббатқа жетуге ұмтылатын кезі туған еді. Әйел затын бағалап, оның сезіміне бөлену, оны қаламгерлеріміздің құлшына жыр ету осы кезеңдерден басталса керек. Жаңағы Абайдағы құбылыс енді мүлде басқаша көрінеді.

Абай мен Мұқағалидың әсемдік әлеміне, көркемдеу құралына, өлең өріміне, тіл байлығына, сөз қолдану шеберлігіне, сөздердің реңін кіргізіп, ажарлап, көркемдеп жеткізудегі тәсілдерді өлеңдерінде талғампаздықпен шебер қолданғаны айдан анық білініп тұрады.

Абайдың «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деп басталатын өлеңінде:

«Сорақы ұзын да емес, қысқа да емес,
Нәзік бел тал шыбықтай бұрандайды.
Етіндей жас баланың білегі бар,
Ажымсыз ақ саусағы іске ыңғайлы.
Қолаң қара шашы бар жібек талды,
Торғындай толқын ұрып, көз таңдайды»,
– (Құнанбаев, 2006: 20)

– деп сүйген қызының тұла бойын талға, бұралған шыбыққа, қолын, білегін нәзік деп, шашын жібек сөзіне теңеп тұр. Абайдың қолданысындағы осы *шыбық*, *жібек* сынды теңеулер Мұқағалида да дәл сол мақсатта, яғни өзінің сүйген қызының бейнесін сомдауға қатысады. Мұқағали:

«Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара,

Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?» – (Мақатаев, 1989: 45).

– деп, өзі ғашық болған қызының жүзін көркемдеу тәсілінің метафоралық эпитет тәсілі арқылы бейнелейді. Жүзі жай ғана жібек емес, жүзі ақ жібек тәрізді есімнен жасалған эпитет сөзі арқылы суреттей келе:

«Толықсыған тұла бойың шыбық па екен,
тал ма екен

Бейнең сенің баяу атқан жазғы шұғыла таң ба екен» (Мақатаев, 1989: 45).

– деп, сүйген қызының тұла бойын тал шыбыққа балайды. Тағы осы қыз бойындағы сұлулықты қызға тән ерекше белгілерді көрсету үшін Абай мен Мұқағалидың таным әлеміне тағы бір көңіл аударып көрейік. Абай:

«Сөйлесе, сөзі әдепті хәм мағыналы
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды»
(Құнанбаев, 2006: 20),

– деп сөйлеген сөзі мағыналы деп қызды ақылды көрсетіп, тартымды қылығы болып тұрған

күлкісін сайраған бұлбұл құсқа теңейді. Ал, Мұқағали:

«Күлкің сенің шашылған нұр, сөзің кәусар бал ме екен,

Бұл ғаламда сенен артқан, сірә, біреу бар ме екен» (Мақатаев, 1989: 45),

– дейді. Мұқағалида қыз күлкісін бір категорияға енетін зат атауына балап, жансыз зат атаулары бір-біріне ауысып (*бұлбұл* мен *нұр*), нұрға балаады. Сөзін де осы тәсілмен балға балайды. Бұл өлең жолдары Абай мен Мұқағали екеуінің де бір ойды айтып, екі акынның да ой өрісі бір арнаға бағытталып, екеуі бірігіп ортақ бір бейнені сомдап отырғандай әсер қалдырады. Мұқағали өткен дәуірдегі Абаймен, өзінің бүгінгімен сырласады. Акындардың осынау өлең жолдарында іштей логикалық байланыс, динамикалық ой жалғасы байқалғандай. Мақалада қамтылған поэтикалық талдау, акындардың лирикалық туындыларын қарастыру барысында зерттеушілердің пікірлері мен еңбектері, акындардың жыр жинақтары негізге алынып, көркемдеуіш құралдарға, олардың қолданылу сипатына анықтама беріліп, талдау жасалды. Нәтижесінде, Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабаев және Мұқағали Мақатаевтың лирикалық туындыларының поэтикалық ерекшелігі анықталып, акындардың туындыларындағы дәстүр жалғастығы зерттелді, поэтикалық сөз қолданысы мен шығармашылық шеберлігі мен шығармашылық үндестігі айқындалды.

Қорытынды

Абай мен Мағжан, Мұқағали лирикасының поэтикалық сипаты мен ерекшелігінің ауқымы кең, аталған акындардың шығармашылығында поэтикалық дәстүрге негізделген шығармашылық үндестік бар. Лирикалық туындыға поэтикалық талдау жасау негізінде акындардың шығармашылық еркіндігі, шеберлігі, стилі, дүниені түсіну ерекшеліктері, сөз саптау даралығы, дәстүр қалыптастыру және жалғастыру жолы, табиғатқа ғана емес, күллі дүниедегі бар затты өз ұлтының адами психологиясына лайықтап, жанына шипа болардай көркем сезімдер иірімімен бере білуі қазақ поэзиясы үшін айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Соның негізіне ұлттық поэзиямыздағы лирикалық кейіпкер мен автор арасындағы байланысты анықтауға мүмкіндік тудырады және көркемдеуіш құралдардың

қолданылу сипаты сараланды. Филология ғылымдарының докторы, профессор Жанғара Дәдебаев өз мақаласында «Абай сөздерінің халық арасында маңызға ие екендігі және түрлі жағдайда жатқа дәйек сөз ретінде қолданылуы, нақылға айналуы ақынның шын хакім екенін көрсетсе керек» (Дәдебаев, 2021: 150) деген пікір айтады.

Ақындардың лирикалық туындыларының поэтикалық көрінісі, ішкі мәдениеті мен ұлттық дәстүрге, ұстанымдарға сай өрілуі асқан шеберлікті айқындап берді. Жалпы Абай мен Мағжан, Мұқағали лирикасындағы шумақтар мен тармақтардың барлығы шебер суреттелген дейтін болсақ, оның ішінде қазақ әдебиеті ғана емес, қазақ тілінің де көркемдігі мен байлығы, ұлттық сөздік қорымыздың кеңдігі, сұлулығы анық көрінеді. Әр ақынның сөздік қолданысы өз заманына сәйкес түрлі болғанымен, лирикалық ой астары, ішкі психологиясы, бейнелеу, суреттеу, теңеу ерекшеліктері Мағжан мен Мұқағалидың

Абайдан алған үлгісі мен дәстүрі жалғастығында танылды. «Абайдың поэзиясынан біз дәуірдің шындығын, оның дәуіріндегі қазақ халқының әлеуметтік өмірін анық көре аламыз. Ақынның өлеңдері қоғамның жағымсыз жақтарын сынайды және әділеттілік пен адамгершілікті бейнелейді. Біз қандай жұмыс жасасақ та, ол тек өнер немесе ғылым қоғамды алға жылжытатынын айтады. Абай шығармалары, табиғат лирикасы немесе саяси немесе әлеуметтік лирика болсын, оның қоғамға деген көзқарасын сипаттайды және тікелей жолды көрсетеді» (Daurenbekova, 2020: 8). Мақаладағы поэтикалық талдау үлгісі қазақ әдебиеті мен қазақ тілі үшін аса маңызды. Себебі өлеңді оқу, түсіну, тақырыбын анықтау, ақынның идеясын ұғыну бір бөлек, ал тәжірибе жүзінде әр тармағын, әр сөзін дара алып, оның қалай қолданылғандығын нақты көрсету, бүгінгі әдебиетшілер мен ақындар үшін, жалпы қазақ поэзиясының зерттелу жолы үшін құндылығы мол мұра.

Әдебиеттер

- Braudel F. A History of Civilization. Translated by Richard Mayne. – New York: Penguin Books, 1993. – 600 p.
- Paltore Y.M., Zhubatova B.N., Mustafayeva A.A. Abai Kunanbayev's Role in Enrichment of the Kazakh Language // International Journal of Social, Behavioral, Educational, Economic, Business and Industrial Engineering. – 2012. – №7. – P. 1935.
- Lee N.C. Lyrics of Lament: From Tragedy to Transformation. – Minneapolis: Fortress Press, 2010. – 256 p.
- Frederick D. Reestablishing Roots And Learning To Fly: Kazakh Church Planting Between Contextualization And Globalization: Submitted in accordance with the requirements ... for the degree of Doctor of Theology in the subject Missiology. – Sieberhausen: University of South Africa, 2013. – 258 p.
- Stepanyan A. The Trace of History: Deeds, Writings, Essence. – Yerevan: Printinfo, 2014. – 380 p.
- Carlos Alberto Torres, Democracy, Education, and Multiculturalism: Dilemmas of Citizenship in a Global World, Rowman & Littlefield Publishers, 1998, p. 1.
- Мақатаев М. Жырлайды жүрек: Өлеңдер мен поэмалар / Құраст.Б.Айдарова. – Алматы: Жазушы, 1989. – 496 б.
- Абай (Ибраһим Құнанбаев). Өлең – сөздің патшасы. – Алматы: Дәуір, 2006. – 566 б.
- Жұмабаев М. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 446 б.
- Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
- Тоғжанұлы Ғ. Абайды әлі толық білгеніміз жоқ //Әдебиет майданы. – 1934. – №11-12.
- Ысмағұлов Ж. Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы, 2007. – Б. 6-14.
- Жүсіп Қ.М. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар, 2007. – 442 б.
- Franco I. The Secrets of poetic creativity in Psychology. – Москва, 1968.
- Мақатаев М. Күнделік. – Алматы: Жалын, 1991. – 41 б.
- Дәдебаев Ж.Д. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021. – №4 (184). – Б. 147-149.
- Daurenbekova L.N. Translation and interpretation of Abay's political – social Lurics into Turkic languages // Opción. – 2020. – Vol 36. – P. 1849-1868.

References

- Abai (İbrahim Qūnanbaev) (2006) Öleñ - sözdññ patşasy. [The poem is the king of the word]. Almaty. Däur. (in Kazakh)
- Abai (2005) Öleñder, poemalar, audarmalar men qara sözder. [Poems, poems, translations and obscenities]. Almaty. Jibek jol. (in Kazakh)
- Toğjanūly, Ğ. (1934) Abaidy ālı tolyq bilgenimiz joq [We do not yet know Abay in full]. Ādebiyet maidany [Literary front]. Iss. 11-12. (in Kazakh)

- Braudel, F. (1993) *A History of Civilization*. Translated by Richard Mayne. New York. Penguin Books.
- Carlos Alberto Torres, (1998) *Democracy, Education, and Multiculturalism: Dilemmas of Citizenship in a Global World*, Rowman & Littlefield Publishers.
- Dädebaev, J.D. (2021) Abai ılımın bilu, tüsinu jäne qoldanu [Knowledge, understanding and application of the teachings of Abai]. *Kaznu Bulletin. Philology series. Iss. 4(184)*. P. 147-149. (in Kazakh)
- Daurenbekova, L.N. (2020) Translation and interpretation of Abay's political – social Lurics into Turkic languages. *Opción*, Vol 36. P. 1849-1868.
- Frederick, D. (2013) *Reestablishing Roots And Learning To Fly: Kazakh Church Planting Between Contextualization And Globalization: Submitted in accordance with the requirements ... for the degree of Doctor of Theology in the subject Missiology*. University of South Africa. Sieberhagen.
- Franco, I. (1968) *The Secrets of poetic creativity in Psychology*.
- Jüsip, Q.M. (2007) *Qazaq lirikasyndağy stil jäne beinehlik*. [Style and imagery in Kazakh lyrics]. Almaty. (in Kazakh)
- Jümabaev, M. (1989) *Şyğarmalary* [Works]. Almaty. (in Kazakh)
- Lee, N.C. (2010) *Lyrics of Lament: From Tragedy to Transformation*. Minneapolis. Fortress Press.
- Maqataev, M. (1989) *Jyrlaidy jürek: Öleñder men poemalar* [Sings the heart: poems and poems]. Almaty. Jazushy. (in Kazakh)
- Maqataev, M. (1991) *Kündelik* [Diary]. Almaty. Jalyn. (in Kazakh)
- Paltore, Y.M., Zhubatova B.N., Mustafayeva A.A. (2012) Abai Kunanbayev's Role in Enrichment of the Kazakh Language // *International Journal of Social, Behavioral, Educational, Economic, Business and Industrial Engineering*. – No 7. – P. 1935.
- Stepanyan, A. (2014) *The Trace of History: Deeds, Writings, Essence*. Yerevan: Printinfo.
- Ysmagulov, J. (2007) *Abai дәstüri jäne qazırғы qazaq әdebieti* [Abai traditions and modern Kazakh literature]. Almaty. M.Äuezov atyndağy Ädebiet jäne öner institutynyñ baspa ortalyğy. (in Kazakh)